

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін токсан сайнығы
түсіндіру және оқыту іс-шараларын откізу
ХАТТАМАСЫ

• Астана қаласы

№ 4

2024 ж. «15» 10

Отетін орны: *Астана қаласы, Есенберлин к-сі 10, 3 қабат, 327*

Отетін уақыты: 10 сағат 00 минут

Төрағалық етті: директор, комплаенс -офицер

Катысқандар: *тізім бойынша*

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы;
2. Эр түрлі.

Сөз сейледі: Г. Каримов – директор қызметкерлер арасында өз кезегінде қызметкерлердің құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызметін жүзеге асыруын білдіретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы заңнама талаптарының орындалуы туралы түсіндірме әнгіме жүргізді.

Комплаенс-офицер - С.А.Елубаева соз сейледі, ол да түсіндіру жұмысы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізгі бағыттарын айтып отті.

• Сыбайлас жемқорлықтың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі қағидаттардың бірі: 1) занылдық; 2) адам мен азаматтың қылмықтарын, бостандықтары мен заны мүдделерін коргаудың басымдығы; 3) жариялыштың пен ашықтық; 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өз ара іс-қимылы болып табылады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» занда сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-кимыл шараларының жүйелері айтылды (6-бап): 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг; 2) Сыбайлас жемқорлык тәуекелдерін талдау; 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет; 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама; 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар.

Олардың кейбіреулеріне қысқаша мазмұндар берілді, мәселен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы құқық колдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлык деңгейін қабылдауы мен бағалаудына катысты акпаратты жинау, өндөу, жинактап-корыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлык тәуекелдерін талдаудегеніміз (сыртқы және ішкі) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпалеттін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу. Кәсіпорын бөлімшелеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасау кезінде ішкі нормативтік-құқықтық құжаттар, зандылық ескеріледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті корсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыретішегінде жүзеге асыратын қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі. Сондай-ақ, ұйымда іскерлік этика кодексі әзірленгені атап өтілді, оның негізгі мақсаты театрдың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын негізгі құндылықтар мен қағидаттарды, іскерлік этика мен мінезд-құлық нормаларын бекіту болып табылады.

Кодексте мынадай ұғымдар мен терминдер қолданылады: іскерлік этика-бұл кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық принциптері мен нормаларының жиынтығы; іскерлік этикет-әртүрлі іскерлік жағдайларда, соның ішінде іскерлік хат алмасу, іскерлік қарым-қатынас, жұмысқа қабылдау, басшылыққа жүгіну және т.б. реттелетін мінезд-құлық ережелерінің жүйесін қамтитын кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мінезд-құлық тәртібі. Іскерлік этиканың негізгі қағидаты-зандылық, жауапкершілік, құпиялылық, құзыреттілік және кәсіпқойлық, сондай-ақ құрмет, патриотизм, меритократия, адалдық және әдептілік.

Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі және ұжымның сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділігі туралы акпарат атап өтілді.

Жиналыс қорытындысы бойыниша (шешім қабылданды):

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заннаманың талаптарын адал сақтау;
2. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттік алыптастыруға белсенді катысу;
3. Сыбайлас жемқорлықтың кезкелген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;
4. Сыбайлас жемқорлық сипатының кезкелген көріністері немесе ұжым арасындағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

Торагалықетуші,
Директор


Колы

Каримов Г.А.
(Г.А.К.)

Комплаенс-офицер,
Жиналыс хатшысы


Колы

Елубаева С.А.
(С.А.Е.)

Катысушылар тізімі:

№	ТАӘ	Лауазымы	Колы
1	Ахметчұлы А-	Затгер	
2	Асанбекова Ф.Н.	Рұс. АВО	
3	Данияр Т.б	20. иштесір	
4	Домбрович Н. Н.	Парашин отряд майор	
5	Жибекова. М. Ж.	Бастаң басқыншыл	
6	Балжанов С.Х	Ремнистер	
7	Жибек Н.И	Натальянина А.Р	
8	Зинисебаев Р.А	Зоб. пост	
9.	Мухамеджанова	НОР. инф-ник	

ЖИНАЛЫС ФОТОСЫ

